

АРШАЛЫ АЙНАСЫ



№33 (460)
7 ТАМЫЗ,
ЖҰМА,
2015 ЖЫЛ

Құрметті оқырман!

2015 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Төл газетіңізге жазылу-ды ұмытпаңыз.

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ
2007 жылдың қаңтар айынан бастап шығады


Жазымды жаңалық

Бірінші орында

2015 жылдың рейтингісінің жарты жылдығының нәтижесі бойынша Аршалы ауданының «Нұр Отан» партиясы филиалы 19 партия филиалдарының арасында бірінші орынға көтерілген! Филиал төрағасы – Жомарт Жұмағалиұлы Нұркенов, филиалдың бірінші орынбасары Роза Шакировна Федорова. Ауданымыз үшін жақсы жаңалық. Құттықтаймыз!

9 тамыз – құрылысшылар күні

ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!



Әлемдегі небір ғимаратты көтерген, басымызға баспана, жұмысымызды жасауға тамаша кеңселерді салған шебер маман – құрылысшылар күні құтты болсын! Заманның талабына сай құрылысты да түрлендіріп, көз қуанышына айналдырып, ауыл, қалаларды көркейтуге ат салысып жатқан бұл маман иелеріне алғысымыз шексіз.

Баршасының шаңырағы бақытқа толсын, денсаулықтары мықты болып, республикамыздың көркеюіне қосар үлестері арта берсін!

Аудан әкімі Ж. НҰРКЕНОВ.

Қоғам туғыры



Қашан да қай жерде болмасын абаттандырылу бағытында құрылыс саласы маңызды. Қызмет

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫ – КҮРДЕЛІ САЛА

көрсетілу барысында қай нысанды алмайық оның құрылысының жүргізілуінде тұрғындардың жағдайы, көңіл – күйі, тұрмыстық мәселелері қатар қамтылады. 2013 жылы республикалық бюджеттен Аршалы кентінің канализация жүйелерінің жаңартылуына 782 070 мың теңге бөлініп, оны жүзеге асыруға Астана қаласының «Мұнай Қамту» ЖШС келісімшарт жасасқан екен. 2013 – 2014 жылдары 11,5 км құбырлар орнатылыпты. Қажетті жұмыстар жасалынып жатқандықтан 2016 жылы бұл жоба толық аяқталады деп есептелінуде.

Аршалы кентінде 16 пәтерлі үйдің құрылысы «2020 – қол жетімді баспана» бағдарламасымен жүзеге асырылып келеді. «СК

Гросс» ЖШС келісімшарт жасалған, 141 878,9 мың теңге бөлінген. Құрылыстың аяқталуына 61,3 млн. теңге қажет. Егер де белгіленген қаржы бөліне ағымдағы жылдың 1-ші желтоқсанында іске қосылмақ.

2014 жылы республикалық бюджеттен қаржысымен бұл 16 пәтерлі үйдің инженерлік – коммуникациялық жүйесі және қазандығы жүргізілген.

Қостомар ауылында 120 орындық мектеп құрылысы жақсы қарқын алуда. 2015 жылдың 15-ші тамызында іске қосылуы жоспарланып отыр. 332,3 млн теңге қаржы бөлініп, «ORDA Строй» ЖШС келісімшарт жасалған.

(Соңы 2 бетте)

Өзекті мәселе

БІЛІМ ОШАҚТАРЫНА ОҚУЛЫҚТАР ЖЕТКІЗІЛУДЕ

Жібек жолы ауылындағы Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектепте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының орынбасары Әлтайр Ахметовпен өткен кеңесте 2015-2016 оқу жылына оқулықтарды сатып алу мәселесі жан-жақты талқыға түсті. Кездесуді облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Нұркенов жүргізді.

Облыста 2015-2016 оқу жылына оқулықтарды сатып алу мәселесі жөнінде облыстық білім басқармасының басшысы Балым Ізбасарова кеңінен әңгімелеп берді. Үстіміздегі жылы оқушылардың оқулық іздеп, сарсаңға түспес үшін 598,2 миллион теңге қаржы бөлінді.

жұмыс толықтай тәмамдалыпты. Ал, басқа аудандардың білім бөлімінің басшылары белгіленген мерзімде оқулықтар жеткізіледі деп сендірді. Бұл кеңеске Аршалы ауданының әкімі Ж.Ж.Нұркенов, әкім орынбасарлары, медицина саласының өкілдері қатысты. Біздің ауданымызда Қостомар селосындағы 120 орындық мектептің құрылысының уақытында аяқталуы, Арнасай ауылында «Васелек» бала бақшасының күрделі жөндеуіне ҚР заңнамасына сәйкес жұмыс жобасын даярлау сөз болды. Облыстық денсаулық қорғау басқармасының басшысы Г.Е.Кулушева біздің ауданымызда туберкулез ауруының көбейгенін, медициналық кадрды тарту жұмыстарын жандандыруды айтты. Мәдениет саласында 2015 жылдың соңына дейін 11 кітапханада Ғаламтор мен телефон жүйесін қосуды аяқтау нықталды. Жергілікті бизнесмендерді селолық клубтардың жөндеу жұмыстарына тарту, басылымдарға жазылу барысын жақсарту да ортаға салынды. Бірсуат, Бұлақсай селолық округтеріндегі клубтардың күрделі жөндеуі де басты мәселе болып отыр. Ішкі саясат басқармасының басшысы Г.Б.Шукеева жаңа Халықтық стандарт талабына орай ҚР Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру туралы айтты. Жастарды қандай да бір патриоттыққа тарту шараларында ең бастысы мемлекеттік рәміздерге назар аударылуы керектігіне тоқталды. Қазақ хандығының құрылғанына

550 жыл, ҚР Конституциясына 20 жыл шараларын БАҚ –та кеңінен жариялап, жақсы атап өту жұмыстарын белсендіру айтылды. Сандық телевидениенің ұлғайтылуына, спорт жүйесінде селолық округтерді нұсқаушы – әдіскерлермен қамтамасыз ету сөз болды. Бұл 2015 жылдың желтоқсанына дейін



Басқосуға оқулықтармен қамтамасыз ету мәселесіне жетекшілік ететін білім бөлімдерінің басшылары және көлік қызметінің жабдықтаушылары қатысты. Алғашқы болып сөз алған бақылау комитеті төрағасының орынбасары білім ошақтарын оқулықпен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіре түсу қажеттігін алға тартты. Оның айтуынша, ағымдағы жылдың қаңтар айында барлық оқу ордаларына қажетті әдебиеттер саны анықталып, сәуір айында

мемлекеттік сатып алу өткізілген. Осы орайда, тамыздың 10-на дейін барлық білім беру нысандарына оқулықтардың жеткізілуі қажеттігі айтылды. Ал, аталған талап орындалмаса, жауапты тұлғалар жауапкершілікке тартылмақ. Бүгінгі таңда облыстың білім беру ошақтарының 85 пайызы оқулықтармен толыққанды жабдықталған. Республика бойынша Қостанай, Қызылорда, Ақтөбе облыстарында бұл мәселе әлі де болса шешімін таппай тұр.

Бұл өткен жылмен салыстырғанда 223 миллион теңгеге артық. Оқушылар қажетті әдебиеттермен жүз пайызға қамтылу үшін бұл қаражат жеткілікті. Барлық аудандар жүктелген міндеттерді орындауда. Тек Ерейментау және Зеренді аудандарында оқулықтарды білім беру ұйымына жеткізу басталған жоқ.

Қазір барлық аудандарда білім ошақтарын оқулықтармен қамтамасыз ету үдерісі жақсы қарқын алған. Тіпті, Есіл ауданы мен Көкшетау қаласында бұл



70 пайыз, ал 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін 100 пайыз орындалуы керек делінді. Шаруа субъектілері тарапынан спорттық алаңдардың құрылысын жүргізу көзделуде. Облыс әкімінің орынбасары Н.Ж.Нұркенов 9 айдың қорытындысы бойынша бюджеттік қаржы толық пайдалануы керек, жобаларды жүзеге асырып, есептік – төлем құжаттарының дұрыстығына назар аударылу керектігін, шынайы есептің болуын нықтады.

Жинақ ақпарат.
Суретте: кеңестен үзінді.
Суретке түсірген: Р.Самков.



ҚҰРМЕТТІ АРШАЛЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ АУДАҢ ҚОҢАҚТАРЫ!

Баршаңызды ... "Ақ бидай" жазғы аудандық спартакиадасына шақырамыз. өтетін орны: Аршалы кентінің спорттық алаңында 8 тамызда сағат 9.30-да басталады. ұйымдастыру комитеті.

✓ **100 нақты қадам**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ РЕФОРМАСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы шеңберінде елдің елдігін, мемлекеттің даму барысын нақты өзгертін, көшбасшылардың бірі ретінде танылту барысында мемлекеттік аппаратқа үлкен міндет артылып отыр. Жоғарыда аталған Жоспарға байланысты «100 нақты қадам» мемлекеттік аппараттың кәсібилілігін қалыптастырудағы алғашқы міндеттердің негізі болып табылады.



Осы мақсатта мемлекеттік қызметкерлердің кадрлық құрамында сапаны күшейту, таңдау әдістемесін мықтылау, кәсіби даярлықтарын нақтылау, сонымен қатар ең бастысы жемқорлыққа қарсы күресті нығайту болды.

Реформаның негізіне мемлекеттік қызмет қатарына епті, білімді мамандарды тарту, қызметтік ісіне жауапты, адал, инабатты, ел құндылығына тиянақты жандарды бағыттау, олар халықтың жағдайына аса үлкен мән беретін патриоттығын айшықтау ұстанымына ие болатын болды. Осыған орай кадрларды таңдаудағы және карьералық жылжудың жаңа механизмі қарастырылуда. Мемлекеттік қызмет істері бойынша Агенттік және жемқорлыққа қарсы, оның аумақтық бөлімшелері үміткерлерді таңдауда үлкен роль атқарады. Олар білім деңгейін, үміткердің осы қызметке орай ептілігін, ыңғайлылығын, икемділігін, мемлекеттік қызмет құндылықтарына деген көзқарасына баға береді. Осылайша таза да тиянақты таңдаудан кейін үміткерлер байқау түрінде лауазымдық қызметке орналастыратын мемлекеттік органның шешімімен тағайындалады.

Бірінші рет мемлекеттік қызметке орналасқан жан сынақ мерзімімен ең төменгі лауазымдылыққа тағайындалады. Қызметтік жоғарылау тек қана байқау негізінде жүзеге асырылады.

Бос орынға орналасуға алғашқы байқау мемлекеттік органда бос орын бола қалғанда өткізіледі. Лайықты үміткер болмаған жағдайда байқауға барлығы қатыса алады, оның ішінде тұрғындар арасынан да. Ауыстыру жұмыстары қаралмаған, барлық кадрлық шаралар байқау негізінде ғана іске асады. Ауыстыру бойынша тек қана ақпарат – хатшылары мен

саяси мемлекеттік қызметкерлердің көмекшілері бос орындарға ие бола алады. Бұл талап мемлекеттік қызметтің карьералық моделін қамтамасыз етеді, қызметкерлердің карьералық өсуі кәсібилілігіне және жеке дара өзінің біліктілігіне қатысты болады. Кадрлардың ратациясы мемлекеттік аппараттың институты сияқты сақталады, «Б» корпусындағы басшылық лауазымдары үшін жалғасын табады, менеджерлердің кәсіби тұрақтануы үшін горизонталды ауыстырылуларында тиімділікті табысты компаниялар көрсетіп отыр. Ротация тәртібінде лауазымға тағайындағанда қызметтік тұрғын үй міндетті түрде қарастырылған. Байқаудың әрбір шарасының ашық болғандығы кадрлық ауыстыруларда заңдылықтың сақталуының кепілі. Байқау комиссиясының шешімі нақты болмақ. Бұр мөлшерлер жаңа заңнаманың ережесімен реттеледі. Бұдан өзге кадрлық тағайындаудың жаңа түрі «Е – қызмет» енгізілген. «Он – лайн» кестесінде республика аумағындағы кадрлық ауыстыруларды бақылап отыруға, қай мемлекеттік органда болмасын қателіктерге жол берілмеуіне бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік аппараттың жұмысын жетілдіру тәуелсіздік алған жылдардан бастап келе жатқан іс. Сондықтан да бүткіл әлемде халықтың жағдайын жақсартуда маңыздысы сапа. Елбасының бұл алға тартқан нақты қадамы, мемлекеттік қызметкерлер алдына қойған маңызды талабы елдің өркендеуіне, мемлекеттің мықты мемлекет болып қалыптасуына үлкен міндет, халықтың сенімін ақтайтын басты мәселе.

Ю. СЕРИКОВ.

Аудандық мәслихаттың хатшысы.

Наубайханашылар

НАН – ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР МЕН ЖҰМЫСШЫЛАРҒА

Көп жылдар бойы «Колос» шаруа қожалығы осы қожалықтың зейнеткерлері мен жұмысшыларын нанмен қамтамасыз етіп келеді. 24 жыл бұрын осы мақсатта ашылған наубайхана қаншама қиын жылдарды артқа тастады. Бәрімізге белгілі судың, электр жүйесінің, ауыл тұрмақ аудандардағы алғашқы жетілдіру кезіндегі қиындықтардың салдарынан жұмыс жасап жатқан талай өндіріс кәсіпорнінің жабылып қалғандығы. Міне сол жылдардың өзінде бұл наубайхана ісінде береке болып, шағын жұмыс орнын сақтап қалды. Қазіргі таңда Л.С.Белавина меңгерушілік етеді.



Нанның пісі бұл ғимаратқа жақындағаннан – ақ басынды айналдырып, тәбетінді ашады. Бас наубайханашы В.И.Белавинамен сөйлескенімізде:

Біз бір аусымда жұмыс жасаймыз. Менің қасымда И.Н.Михель және А.М.Есмағамбетова. Біз тек қана нан пісірмейміз, біздің негізгі жұмысымыз жұмысшыларға түскі аспен кешкі астарын әзірлеу. Күніне 200 – ден артық нан пісіреміз. Бір қиыны ұнды қолмен илейміз, сондықтан да ауылдастарымыздың барлығына нан жеткізе алмаймыз. Дүкендерге Ақтастыдан нан әкеледі. Біздің нанмыз ұжымдағы жұмысшылардан, одан қалса зейнеткерлерден аспайды. Ұжым өте тату,

жұмыс ауыр болса да ауылдың адамдарының қалжыңымен астарласып, шыдамдылығымен нәтижелі болып келе жатыр. Мына наубайхананы кеңейтсе, жаңа құрылғылар алса, біз Бірсұаттықтар үшін де нан пісіруге дайынбыз. Нан киелі, нан бар жерде береке, ырыс бар. Біз жұмысымызға ризамыз, – дейді. Ендеше, жұмысшылар мен ауылдастарының жағдайына алаңдаған үш наубайшының ақ арманы орындалып, жұмыстары жеңілдеп, нан өнімдері мол болсын дейміз.

Аударған М. АЖЫҚАНОВА.

Суретте: А.М. Есмағамбетова,

И.Н. Михель, В.И. Белавина.

Суретке түсірген: Р. САМКОВ.

■ **Діни таным**

ХАНАФИ МАЗХАБЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

Тәуелсіздігімізге ие болған кезеңнен бастап елімізде діни мәдениетімізге қайта оралу үдерісі белсенді түрде жүріп жатқаны белгілі. Ежелден Қазақстан халқы еш заманда да діни фанатизмге бой алдырмаған, өзге халықтардың діни наным-сенімдеріне құрметпен қарайтын қасиетімен ерекшеленетін ел болатын.

Дін қазіргі уақытта қазақстандық қоғамның әртүрлі топтары арасында қызу талқыға түсіп келе жатқан сала болып саналады. Кеңес Одағы мен оның коммунистік идеясы күйреген соң посткеңестік кеңістікте пайда болған идеологиялық вакуумді түрлі дәстүрлі емес діни ағымдардың өкілдері өз пайдасына пайдаланып қалуға тырысты. Кеңес үкіметінің саясаты нәтижесінде посткеңестік республикалар әлемдегі мұсылман елдеріндегі діни-рухани салада болып жатқан үдерістерден сырт қалған еді, ал бұл уақытта, яғни ХХ ғ. әлемде исламның саясилануы мен радикализациялануы сияқты құбылыстар белең алған болатын.

Сөйтіп, тәуелсіз ел ретінде бой түзеп келе жатқан еліміз өзінің қазіргі заманғы тарихындағы ең бір қатерлі сынға тап келген болатын. Қазақстанда исламтанушыларының пікіріне сүйенетін болсақ, сунниттік ханафи мазхабына сүйенген ислам ежелден орныққан байырғы діни ұстаным, ол қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрлі мәдениеті мен менталдық ерекшеліктеріне сәйкес және ол еліміздің зайырлы мемлекетшілдік ұстанымдарына қайшы келмейді. Біз ислам дінін танып-білуде өзіміздің терең философиялық-танымдық дәстүрлерімізге сүйенеміз. Қазақ халқының ұлы ағартушы ұстаздары Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп, Шаһкәрім Құдайбердіұлы сияқты тұлғалар артында ислам дінін тану саласында келер ұрпаққа рухани азық болар зор мұра қалды.

Бүгінгі күнде діни дәстүрлерімізді қалпына келтіру барысында белгілі бір тарихи жағдайларға байланысты осыдан 100 жыл бұрын шамасында жоғалтып алған діни таным мәдениетімізді қайта қалпына келтіру мәселесі көптеген қиындықтарға ұшырап отыр, әсіресе бұл жағдай халқымыздың бүгінгі күнде әлі де болса діни сауаттылығының төменділігіне байланысты екендігі мәлім. Қазақстандағы зайырлы қоғамның қалыптасуы, ұлттық және діни-рухани дәстүрлерімізді қайта өркендеуі осы елдің мемлекеттілігін қалпына келтіру үдерісімен сәйкес келуі мәселені онан әрі күрделендірді.

Халқымыздың діни-рухани сауатын арттыруды тиімді етудің бірден-бір жолы, ол қазақ халқының өткен тарихы мен дәстүрлі мәдениетін оқып-үйрену болып табылады. Сондықтан қазіргі уақытта дінтанушылар мен теологтар өзіміздің діни-рухани дәстүрлерімізді қайта жаңғырттып дамыту үшін қазақ тарихындағы діни-рухани тұлғалардың

еңбектеріне жұртшылық назарын үнемі аударып отыру керек деген пікірді қолдайды. Мәселен осы 2015 жылдың сәуір айында Көкшетау қаласында ХХ ғасырдағы ислам мәдениетінің ірі қайраткер-тұлғалары Науан Хазірет, Сәдуақас Ғылмани т. б. өлкеде «Қазақстан тарихындағы исламның рухани тұлғалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция Қазақ хандығының 550 жылдығы аясында өткізілуінің өзі өлкеміздің рухани-мәдени тарихындағы маңызды оқиға болды деп есептейміз.

Ислам діні мен мәдениетінің елімізде тез арада қайта қалпына түсуі үдерісі 70 жылдан астам жауынгер атеизм үстемдік құрғандықтан оның үстіне қазіргі ақпараттық ашық қоғам жағдайында түрлі түйткілді проблемалар мен кемшіліктерге ие. Осы ретте біз өткен тарихымызға оның ішінде Қазақстандағы ислам діні мен руханияты тарихына жіті зер сала қарауымызды талап етеді.

Қазақ жеріндегі исламдану үдерісі VIII-XIX ғғ. аралығында бірнеше толқын арқылы жүргені белгілі. Қазақтардың мұсылманшылдық көзқарастарына қатты әсер-ықпал еткен ол – сопылық діни таным, ал сопылық дәстүрлер сонау исламға дейінгі дәуірлерге кетеді. 2011 жылы ҚР қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңның» преамбуласында ханафи мазхабындағы ислам Қазақстанда мәдениет құраушы дін ретінде ресми танылған.

Ханафи мазхабы (араб. хана-фи-а – ханафия-а жолы) – суниттік бағыттағы исламдық құқықтық доктрина, негізін салған Әбу Ханиф, ан Ну’ман ибн Сабиталь-Куфи али-имам ал-Азам (699–767 жж.) (түрік ғалымдарының пікірінше шыққан тегі түркі жұртынан). Араб тілінен аударғанда «маз-хаб». «бағыт», «көзқарас» деген мағынаны білдіреді. Шариятта мазхаб деп Құран мен Суннаға негізделген арнайы әдістер арқылы шығарылған шешімдер мен пікірлердің жиынтығын атайды. Ханафи мазхабындағы суниттік ислам байсалды, діни фанатизмге бой алдырмаған бағыт саналады.

Әбу-Ханифа мұсылман тарихындағы құқықтық жүйені (фикх) Құран мен Сунна негізінде жасап қалыптастырушы дін ғұлама-ғалымы ретінде танылған тұлға. Ол адамдардың әлеуметтік көзқарастары мен ұстанымдарындағы халықтық дәстүрлер мен ғұрыптың қандай орын алатынын жақсы түсінді, сондықтан ол өзінің діни-құқықтық ілімінде исламның негізгі заңдарын халықтық дәстүр-ғұрыптармен ше-

бер үйлестіре білді. Ол өзінің «аль-Фикх уль-Ақбар» атты еңбегінде ислам құқы мен теологиясы, заңнамасы негіздерін жан-жақты зерттеп жазған болатын.

IX-X ғғ. Қорасан мен Түркістан ханафилік исламның негізгі тірек-орталықтарының біріне айналды, ханафи мазхабын Алтын Орда хандары мен Ұлы Моғолдар, Осман сұлтандары өз елдерінде мемлекеттік деп жариялады.

Бүгінгі күнде әлем елдеріндегі сунниттердің 80 пайызын ханафи мазхабын ұстайтын мұсылмандар құрайды. Бұл бағыттың осыншама тез таралуына әсер еткен негізгі фактор ол жергілікті халықтың дәстүрін, әдет-ғұрпын құрметтейтін ерекшелігі себеп болған еді. Сондықтан да ханафи мазхабы Орта Азия мен Қазақстандағы негізгі діни-құқықтық жүйе болып бекіді. Мәселен қазақ хандары шығарған «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдарында біріншіден ислам заңдары нормалары енгізілсе, екінші жағынан ханафи мазхабындағы дін иелері ислам канондары мен қатар негізінен зайырлы заңдарға жататын мемлекеттік заңнамалардың қолданылуына қарсы болған жоқ. Нәтижесінде кез келген қоғамда туындайтын даулы мәселелерді оңай және оңтайлы шешуге қол жеткізілді.

Бүгінде, Қазақстанда исламның сунниттік бағыттағы ханафилік моделі қабылданған. Бұл тұрасында Президент Н. А. Назарбаев былай деген болатын: «біздің меймондос халқымыздың менталитеті мен психологиясына діни соқыр сенім мен фанатизм мүлде жат құбылыс, және ол Қазақстан халқы ұстанатын ханафи мазхабына қайшы келеді». Қазіргі көптеген елдердің және біздің еліміздің тәжірибесі түрлі зиянды діни ағымдарға сенімді тосқауылды қоғам мен мемлекет бірлесе тізе қосып қоюға болатындығын көрсетеді.

Мәселен, 2014 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) 2020 жылға дейінгі уақытқа арналған даму Концепциясын қабылдады. Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлы осы құжаттың ең негізгі идеясы тұрасында «Біздің мақсатымыз ел территориясында ханафи мазхабын дамыту, оның мүмкіндіктерін радикалды ағымдар идеологиясына тиімді түрде қарсы тұра алатындай дәрежеге жеткізіп көтеру» деген болатын.

Біз ханафи мазхабының өткен тарихымызда біздің халқымыздың тілі мен дәстүрінің, ұлттық-этникалық бірыңғайлығының сақталып қалуына зор әсер еткенін ескеруіміз қажет. Ханафи мазхабы ислам қауымы ішінде бүлік пен ылаң салушыларды үзілді-кесілді айыптайды. Әбу Ханифа ілімі Қазақстандағы барлық мұсылмандардың, қазақ халқының бірлікте, ынтымақта өмір сүруіне қызмет етеді. Ханафи мазхабы басқа діндердегі Қазақстан азаматтарымен бейбіт қатар, келісімде өмір сүруге, діни төзімділікте ғұмыр кешіруге үндейді.

(Басы 1 бетте)

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫ – КҮРДЕЛІ САЛА

Ғимараттың екінші қабаты қаланып, шатыры жабылып, терезе, есіктері қойылды, электрлік жұмыстары аяқталды, мектепке қажетті құралдар әкелінді, ішкі сырлау соңғы жұмыстары мен мектептің маңайын тазалау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жібек жолы ауылындағы 1 және 2 массивте таратылу суқұбыры құрылысы жүзеге асырылуда. «Ақбұлақ 2011-2020» бағдарламасын жүзеге асыруда. «Евростандарт Аква» ЖШС келісімшарт жасалған, 411,7 миллион теңгеге. Жалпы тарту ұзындығы 35,6 км болса, қазіргі таңда 28,0 км жасалды. 2015 жылдың 15 тамызында

өткізу белгіленіп отыр.

Қостомарда электрмен қамтамасыз ету жүйесінің құрылысы 2014 жылдан бастап жүріп келеді. 101,9 миллион теңгеге «АДС 2001» ЖШС келісімшарт жасалған. Жұмыс бүгінгі таңда толық аяқталған. Нысанды толық өткізу үшін 4,1 млн теңге қаржы керек.

42-ші тораптың су құбырларының құрылысына «Ақбұлақ 2011-2020» бағдарламасы бойынша 6,0 млн теңге бөлінген. 2015 жылдың 8 мамырында «Гипропроводхоз» ЖШС келісім шарт жасалған, 2015 жылдың 2-ші қыркүйегіне дейінгі мерзімде жұмыс аяқталуы керек. ЖСҚ

даярлану үстінде. Ауданымыз бойынша құрылыс барысы осы. Жеке тұрғындық үйлерін жаңадан салып жатқандар да, үйлеріне қосымша бөлме қосып, абаттандырылуды жүргізіп жатқандар да баршылық. Қолына құрылыс құралын алған әрбір адам құрылысшының ауыр да жауапты, қиын жұмысының куәсі болады. Ендеше, құрылысшыларымыздың еңбегі еленіп, бастаған істері оңынан аяқталып, ауданымыз жетіле берсін. Барлығына да денсаулық, жақсы көңіл – күй тілеймін.

А. ЖҮСПОВ.
Құрылыс бөлімі
басшысының м.а.

Әдемі аула

АУЫЛАЫМ – АЛТЫН БЕСІГІМ



Адамдардың күнделікті айналысатын істеріне қарап қандай жан екендігін білуге болады Ал әрбір жанның үйінің маңайындағы көріністен сол жандардың қоршаған ортаға деген көзқарасын бағдарлауға болады екен. Қараңыздаршы мына екі суретке. Бірінші үйдің маңайында дем алудың өзі бір ғанибет емес пе? Жинақы үй, тазаланған бақша, егілген жеміс ертеңгі күнінің қуанышы. Ал

екінші суреттегі көрініс ше? Мүлдем қарама – қайшылық. Үйінің маңайын қоқысқа айналдырған жанның күндіз түні жұмыспен уақыты жоқ, болмаса сұлулыққа жаны қас адам. Ойланып баға беретін болсаңыздар әдемілік өзіміздің қолымызда екен ғой. Әрбір аула өзінше әсемделініп, адамдары жеміс – жидегін жинап, мәз болып жатса одан артық өмірдің мәні мен сәні бар ма екен?

Білгіңіз келе ме?

САМАУЫРДЫҢ ҚАҒЫН КЕТІРҮ



Самауырдың, сондай – ақ шәй қайнатып жүрген шәйнектің ішіне біраз ұсталғаннан кейін (егер күнделікті ысқылап жуып тұрмаса) судың қағы тұрып қалады. Егер де уақытында тазалап, түсіріп тастамасаңыз, ол мүлдем қалыңдап кетеді. Ондай қакты түсіру үшін сілті немесе қышқыл қолданылады. Сілтілер алюминийден басқа металға зиянды әсер етпейді. Самауырдың ішінде тұрған қакты түсіруге сілті қолданған тиімді. Сілтімен өндгенде самауырдың қағы жұмсарып қалады. Содан кейін оны шөткемен түсіріп тастайды.

Б ұл үшін құрамында фосфор қышқыл тұздары бар "тринатр" және «фосфор» ақ ұнтақтары алынады, кейде кір жуатын соданы да пайдалануға болады. Бір литр ыстық суға осы ақұнтақтың біреуін 20-40 г есебімен салып, самауырға құяды да, 1-2 сағаттай қайнатады. Бұдан соң жұмсарған қакты шөткемен сыпырып түсіреді де, самауырдың ішін таза сумен бірнеше қайтара жуып алады. Егер де самауырдың қағы толық кете қоймаса, оны осылайша 2-3 рет қайталап тазарту керек. Шәйнектің ішін де осы әдіспен тазалайды.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР НАЗАРЫНА!

Аршалы ауданы бойынша Салық басқармасында қызмет этикасын сақтау және жемқорлықпен күрес сурағы бойынша комиссия жұмыс істейді. Салық органының мемлекеттік қызметшілері қызмет этикасын және /немесе/ заңнаманы бұзушылық деректерін хабарлау үшін, Сіз осы «сенім телефонына» хабарласа аласыз: 8(71644)2-20-32, 8(71644)2-12-87.



Ақмола облыстық «Қазақстан» РТРК» АҚ филиалының 2015 ж. 10 – 16 тамызға дейінгі бағдарламасы

«Қазақстан-Көкшетау»

10 ТАМЫЗ. ДҮЙСЕНІ
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
09.05 «Өңір өрнегі-Картина недели»
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Актуальная тема». Передача
10.35 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Өңір өрнегі-Картина недели»
11.55 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Актуальная тема». Передача
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Пәрменді пікір»
13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 Т/с «Учитель». 22 серия
14.45 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Салауат». Хабар
19.30 Д/ф «С.Ерубаев-100 жыл» /рус/
19.50. телемаркет
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Салауат». Хабар
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Телемаркет»
21.45 «Өзекті әңгіме». Хабар
22.15 «Телемаркет»
22.20 Т/с «Учитель». 23 серия
23.05 «Ел межесі». Хабар
23.10 «Телемаркет»
23.15 Д/ф «Пейзажи сквозь время». 4 серия
23.35 «Телемаркет»
23.40 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Крапленый». 8 серия
01.35 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
11 ТАМЫЗ. СЕЙСЕНІ
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Ел межесі-2050». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Өзекті әңгіме». Хабар
10.35 «Салауат». Хабар
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Бизнес идея». Передача
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Точка зрения». Передача
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Салауат». Хабар
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»
13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 Т/с «Учитель». 23 серия
14.45 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Актуальная тема». Прямой эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Наша служба». Передача
19.30 Д/ф «С.Асфендияров-125 жыл» /каз/
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Наша служба». Передача
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Ел межесі». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Актуальная тема». Передача
22.20 «Телемаркет»
22.25 Т/с «Учитель». 24 серия
23.10 «Телемаркет»
23.15 Д/ф «Пейзажи сквозь время». 5 серия
23.35 «Телемаркет»
23.40 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Крапленый». 9 серия
01.35 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
12 ТАМЫЗ. СӘРСЕНІ
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Ел межесі-2050». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Актуальная тема». Передача
10.35 «Наша служба». Передача

10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Наша служба». Передача
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Актуальная тема». Передача
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Наша служба». Передача
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»
13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 Т/с «Учитель». 24 серия
14.45 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Точка зрения». Прямой эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Бизнес идея». Передача
19.30 Д/ф «С.Асфендияров-125 жыл» /рус/
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Бизнес идея». Передача
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Ел межесі». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Точка зрения». Передача
22.20 «Телемаркет»
22.25 Т/с «Широка река». 01 серия
23.15 «Телемаркет»
23.20 Д/ф «Пейзажи сквозь время». 6 серия
23.50 «Телемаркет»
23.55 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Крапленый». 10 серия
01.35 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
13 ТАМЫЗ. БЕЙСЕНІ
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Ел межесі-2050». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Точка зрения». Передача
10.35 «Бизнес идея». Передача
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Бизнес идея». Передача
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Точка зрения». Передача
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Бизнес идея». Передача
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»
13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 Т/с «Широка река». 01 серия
14.45 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Ақмола КЗ». Хабар
19.30 Д/ф «С.Майканова-100 жыл» /каз/
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Ақмола КЗ». Хабар
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Ел межесі». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Өзекті әңгіме». Хабар
22.20 «Телемаркет»
22.25 Т/с «Широка река». 02 серия
23.15 «Телемаркет»
23.20 Д/ф «Пейзажи сквозь время». 7 серия
23.50 «Телемаркет»
23.55 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Крапленый». 11 серия
01.35 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
14 ТАМЫЗ. ЖУМА
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Ел межесі-2050». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Өзекті әңгіме». Хабар
10.35 «Ақмола КЗ». Хабар
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Ақмола КЗ». Хабар
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Өзекті әңгіме». Хабар
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Ақмола КЗ». Хабар

13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»
13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 Т/с «Широка река». 02 серия
14.45 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Актуальная тема». Прямой эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
19.30 Д/ф «С.Майканова-100 жыл» /рус/
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Ел межесі». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Актуальная тема». Передача
22.20 «Телемаркет»
22.25 Т/с «Широка река». 3 серия
23.15 «Телемаркет»
23.20 Д/ф «Пейзажи сквозь время». 8 серия
23.50 «Телемаркет»
23.55 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Крапленый». 12 серия
01.35 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
15 ТАМЫЗ. СЕНІ
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Спорт лайф». Хабар
09.55 «Салауат». Хабар
10.05 «Телемаркет»
10.10 «Танымал». Передача
10.30 «Пәрменді пікір». Хабар
10.35 «Телемаркет»
10.40 «Спорт лайф». Хабар
10.50 «Дневник КАРАОКЕ»
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Телемаркет»
11.50 «Ақ дастархан». Передача
12.20 «Спорт лайф». Хабар
12.30 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
12.40 «Дневник КАРАОКЕ»
12.50 «Телемаркет»
12.55 «Пәрменді пікір». Хабар
13.00 «Аймақ ақпарат»
13.40 «Спорт лайф». Хабар
13.50 «Салауат». Хабар
14.00 М/ф «Кэмми». 33, 34 бөлім
14.30 М/ф «Жол жүру ережелері». 1 бөлім
14.40 «Әдемі-ай». 21 бөлім. Хабар.
15.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Экспертное мнение»
17.05 «Телемаркет»
17.10 «Танымал». Передача
17.35 «Дневник КАРАОКЕ»
17.45 «Сөзге шешен». Хабар
18.05 «Телемаркет»
18.10 «Спорт лайф». Хабар
18.20 «Салауат». Хабар
18.30 «Ақ дастархан». Передача
18.55 «Телемаркет»
19.00 «Сөзге шешен». Хабар
19.20 «Qalamtor». Хабар
19.30 «Спорт лайф». Хабар
19.40 «Танымал». Передача
20.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
21.00 «Телемаркет»
21.05 «Дневник КАРАОКЕ»
21.15 «Qalamtor». Хабар
21.25 «Сөзге шешен». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Танымал». Передача
22.10 «Телемаркет»
22.15 Д/ф «Чудеса природы». 1 серия
22.45 К/ф «Сұлтан Бейбарыс» 1 бөлім
01.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
16 ТАМЫЗ. ЖЕКСЕНІ
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
10.05 «Телемаркет»
10.10 «Сөзге шешен». Хабар
10.30 «Дневник КАРАОКЕ»
10.40 «Телемаркет»
10.45 «Qalamtor». Хабар
10.55 «Ақмола КЗ». Передача
11.05 «Ақ дастархан». Передача
11.35 «Дневник КАРАОКЕ»
11.45 «Qalamtor». Хабар
11.55 «Телемаркет»
12.00 «Сөзге шешен». Хабар
12.20 «Наша служба». Передача
12.30 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
12.40 «Qalamtor». Хабар
12.50 «Телемаркет»
12.55 «Дневник КАРАОКЕ»
13.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
14.00 М/ф «Кэмми». 35, 36 бөлім
14.30 «Жол жүру ережелері». 2 бөлім
14.40 «Әдемі-ай». 22 бөлім. Хабар.
15.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Экспертное мнение»
17.05 «Музыкальный проект КАРАОКЕ»
18.05 «Телемаркет»
18.10 «Наша служба». Передача
18.15 «Телемаркет»
18.20 «Музыкальный проект КАРАОКЕ»
19.00 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары». 3 бөлім
19.25 «Телемаркет»
19.30 «Сөзге шешен». Хабар
19.50 «Елі бірдің-тілі бір». Хабар
20.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
21.00 «Телемаркет»
21.05 «Музыкальный проект КАРАОКЕ»
22.05 «Телемаркет»
22.10 «Елі бірдің-тілі бір». Хабар
22.20 «Музыкальный проект КАРАОКЕ»
23.00 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары». 4 бөлім
23.20 К/ф «Жансебіл»
01.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны